

"Отель Астана" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздардың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 тамыз N 923

Ескерту. Мәтіндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.25. N 1366 , 2003.12.18. N 1267 қаулыларымен.

Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау және қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында "Отель Астана" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Отель Астана" ААҚ) төмен төлем қабілеттілігін назарға ала отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" АҚ) (келісім бойынша) және "Отель Астана" ААҚ-пен (келісім бойынша) бірлесіп, келісімге (бұдан әрі - келісім) қол қоюды қамтамасыз етсін, онда мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен бағытталатын қаражатты "Отель Астана" ААҚ-тың қайтару тәртібін, оның ішінде:

2005 жылдан бастап 2022 жылды қоса алғанда негізгі борыштың және сыйақының қайтарылуын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік (мерзімдік және жылдық) нысандарын жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес сыйақы есептеуді, бұл ретте 2004 жылды қоса алғанда есептелген сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен акциялардың жыл сайынғы қосымша эмиссиясын жүргізу және оларды мемлекеттік меншікке беру жолымен "Отель Астана" ААҚ-тың жарғылық капиталын арттыруды;

акциялардың мемлекеттік пакетін "Отель Астана" ААҚ-тың бас директорына сенімгерлік басқаруға беруді;

"Отель Астана" ААҚ-тың қаржы-шаруашылық қызметінен түсетін таза кірісті тек қана келісімді орындауға жіберуді;

"Отель Астана" ААҚ-тың республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында тиісті кепіл келісімін ресімдеуді;

қарыз алушы - "Отель Астана" ААҚ-тың қаражаты есебінен "Оңалту және активтерді басқару компаниясы" АҚ" ЖАҚ-қа агенттік сыйақы төлеуді көздесін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.29 N 465 Қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі А.С.Павловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК